

Облыс әкімдігінің 2008 жылғы 15 мамырдағы "Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит берудің негізгі шарттарын анықтау туралы" № 172 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 12 ақпандағы № 28 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 23 ақпанда № 3282 тіркелді

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 12 ақпандағы № 28 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 23 ақпанда № 3282 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі № 158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 30.04.2009 № 158 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 27 бабына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2008 жылы 10 маусымындағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінің N 69 нөмірлерінде жарияланған, Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 26 мамырында N 3253 тіркелген, облыс әкімдігінің 2008 жылғы 15 мамырдағы "Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит берудің негізгі шарттарын анықтау туралы" N 172 қаулысына (2008 жылы 2 қазандағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінің N 117-118 нөмірлерінде жарияланған, Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 29 қыркүйегінде N 3268 тіркелген, облыс әкімдігінің 2008 жылғы 17 қыркүйектегі "Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит берудің негізгі шарттарын анықтау туралы" N 332 қаулысына) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының 1 тармағының 10 абзацындағы "30 пайыздан аспауы тиіс" сөзі алынып тасталынсын.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан 10 күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

